

Ж.Қ. ЖАРЫЛҚАСЫН,¹
докторант.
«Тұран» университеті¹

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ

Андатпа

Мақалада ауыл шаруашылығы еліміздің экономикасының дамуында негізгі салалардың бірі ретінде қарастырылған. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайтыны белгілі. Қазақстанның ауыл шаруашылығында қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп саласын дамытуға барлық мүмкіндіктері айтылады. Аграрлық саланы мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру үшін ел экономикасының осы саласындағы мемлекеттік реттеуші органдардың күзіреттілігі мен құрылымын тұрақты жетілдіріп отыру қажет етеді. Аграрлық саланы мемлекеттік қолдаудың келесідей бағыттарын ұсынылады: жаңадан жұмысын бастаған шаруашылықтарға қаржылық қолдау, аймақтарға аграрлық саланы көтеруге бағытталған субвенция бөлуді қарастыру, табиғаты қолайсыз аймақтарға шаруашылықты дамыту үшін қаржылық көмек көрсету, салық салудың жеңілдетілген арнайы тәртібін қарастыру. Сондай-ақ, Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, өндірістік шығыстарды төмендету, дақылдардың түсімділігі мен өнімділігін ұлғайту үшін білім мен ғылымның және өндірістің өзара тығыз интеграциясы, шетелдік технологиялардың тиімді трансферті, отандық ғылыми зерттеулерді дайындау және оны енгізу, елдің аграрлық нарығында сұранысқа ие кадрларды даярлау мен қайта даярлау, шетелдік мамандар мен ғалымдарды тарту негізінде агроөнеркәсіптік кешенінің жеделдетіп инновациялық дамуын қамтамасыз ету қажеттігі назарға алынған.

Тірек сөздер: агроөнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, бәсекеге қабілеттілік, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік реттеу, аграрлық нарық, инновациялар, өнімділік.

Ел экономикасының дамуының негізгі ауыл шаруашылығы саласы екені белгілі. Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда көптеген іс-шаралар атқарылуда. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында алдағы бес жылда агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігі мен өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортынарттыру және оны кемінде 2,5 есеге арттыруды үкіметке тапсырағанын нақтылап айтқан еді [1]. Жолдауды іске асыру барысында Үкімет қаулысымен агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдар аралығын қамтитын мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаны іске асыруда ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін жұмыс істейтін бір адамға 2015 жылғы 1,2 миллион теңгеден 2021 жылға дейін 3,7 миллион теңгеге дейін, сонымен қатар экспортты 2015 жылдардағы 945,1 миллион доллардан 2021 жылы 2 400 миллион долларға дейін ұлғайту жолымен агроөнеркәсіптік кешен саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат етіп қойылған болатын [2].

Экономикасы дамыған елдерде халықтың өмір сүру деңгейі көрсеткішінің жоғары болуының басты көрсеткіштердің бірі, ол азық-түлікпен қамтамасыз етілу, ауыл шаруашылығы тауарларының айтарлықтай дәрежеде тұтынумен анықталады. Агроөнеркәсіптік кешенді көп салалы жүйе ретінде әлеуметтік-экономикалық жағынан, экологиялық және де саяси тұрғыдан айқындап көрсетуге болады. Ауыл шаруашылық өнімдерді өндірудегі мәселелердің шешімін табуы сол сала бойынша басқару мен ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін, кешенді әдістерді тиімді пайдаланумен тікелей байланысты.

Ауыл шаруашылығы – мемлекет экономикасының дамуындағы негізгі, маңыздылығы жоғары саланың бірі екені белгілі. Себебі халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығының даму деңгейі мен елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайтын негізгі сала. Еліміздің ауыл шаруашылығында құнарлы егістік жерлері көп болғандықтан, әлемдік нарықта бәсекелестікке қабілетті аграрлық саланы дамытудың мүмкіндіктері көп. Сондай-ақ, халық бөлігінің әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтарымен тығыз байланыстырылып отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінде кәсіпкерлікті дамыту, нарық механизмдерін меңгеру, нарықтық баға, сұраныс пен ұсынысты, бәсекені, мемлекеттік реттеудің заңдылықтарын меңгеру, шағын және орта кәсіпкерлік нысандарын нарық талаптары мен оның механизмін игеру

мүмкіндіктерінің икемділігі жоғары болып табылады. Сондықтан да қазіргі кездегі аграрлық саладағы кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік-экономикалық тиімді нарықтық механизммен толық игеруге мүмкіндік жасалуда. Мұндай мүмкіндіктер кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттік қолдау көрсетілгенде, мемлекет тарапынан реттеуге бағытталған іс-шаралардың іске асырылған жағдайда ғана пайда болады.

Тиімді бәсекелік саясат тек тауар өндіріп қана қоймай, бағаны мақсатты тұтынушыларға қол жетімді ету емес. Бәсекелік саясатының коммуникациялық құрамдасы тауарды жеткізу әдістерін таңдау және т.б. бәсекелеске қарағанда сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Маркетингтік саясатты әзірлеуде коммуникация үрдісінің барлық құрамдастарына мән берілуі қажет [4].

Ауыл шаруашылығында өнім дифференциациясын жүзеге асыру күрделі. Өндіріс ауқымдарының өсуі үшін шығындарды төмендетіп, басқару жүйесін реформалауға мүмкін беретін интеграциялық үрдістерді ынталандыру қажет. Дифференциация стратегиясын тек ауылшаруашылық өнімді өңдеу саласында қалыптастыруға болады, ауылшаруашылық өндіріс үшін әртараптандыру стратегиясы лайық [5].

Қазіргі уақытта Қазақстанда экономиканы реформалау үрдісі белсенді түрде жүргізіліп, шетелдік инвестициялар тартылып, отандық кәсіпорындарда тауардың бәсекеге қабілеттілігіне, оның сапасына тәуелді екендігін түбегейлі түсінетін болды. Қазақстан Қытай, Ресей, Орталық және Таяу Шығыс Еуропа секілді азық-түлік тұтыну нарықтарының ортасында орналасқандықтан, өнім мен азық-түлік сапасын арттыру ұлттық саясат пен ұзақ мерзімді шаралар бағдарламасын әзірлеуді қажет ететін стратегиялық міндет [6].

Қазіргі таңда мемлекеттік реттеудің негізгі бағыты ауыл шаруашылық саланы экономиканың негізгі тиімді саласына айналдыру, өндірістің экономикалық тұрақты қызмет етуіне жағдай жасау, аграрлық өндірісті тұрақты дамуын қамтамасыздандыру, сондай-ақ осы саладағы кәсіпкерлік қызметтің дамуына қолдау көрсетуге бағытталып отыр. Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілеріне қолдау көрсету мемлекеттің қосымша шығындарымен өндірістің өсуіне жағдай жасалынады, жұмыссыздық деңгейін төмендетеді, инфрақұрылымдық дамуды жедел жүргізеді, баға тепе-теңдігін теңестіріп тұрады, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты тұтастай алғанда қамтамасыздандырып отырады.

Әлемдік тәжірибеде мұндай шығындарға әлемнің барлық елдерінде де бар. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің жағдайларымен қатар агроөнеркәсіп кешенінің әрекет етуінің өзіндік мәселелері бар. Олар:

- ♦ агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларының пропорционалды дамуы барысы. Агроөнеркәсіп кешені көп салалы болғандықтан, мәселен ауыл шаруашылық өнімдерді қайта өңдеуші салаларын айтса болады;

- ♦ ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының даму негіздері. Елдегі азық-түлік мәселелерін түпкілікті шешуде ауыл шаруашылығы саласының және аграрлық кәсіпорындарының аграрлық өндірісті ұлғайтуда негізгі база ретінде шешуші рөлін мойындаудан туындайды;

- ♦ агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын басқаруда соңғы нәтижеге бағдарлануы, ал бұл агроөнеркәсіп кешенінің барлық жүйесіне де қатысты болып келеді.

Сондықтан, аграрлық саланы мемлекеттік реттеудің нарықтық жағдайларына ішкі және сыртқы экономикалық қатынастарда ауыл шаруашылық саладағы қандайда бір жеңілдіктерді белгілеп жоспарланатын аграрлық саланың протекционизмі. Әлемнің дамыған елдерінде ұлттық мүддені қорғау үшін негізгі институт ретінде мемлекеттік протекционизмді қолданып келеді.

Протекционизмге ауыл шаруашылығында мынадай жағдайлар жатқызады:

- ♦ мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау. Өйткені мемлекеттің экономикалық артықшылығының бірі азық-түлік қауіпсіздігі болып саналады;

- ♦ импортқа шектеулер қою арқылы және экспортты арттыру. Яғни сырттан келетін импорт тауарларына бақылау күшейтіп, отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету, импорт пен экспорт балансын теңестіру;

- ♦ агроөнеркәсіптік саланы мемлекет экономикасының маңызды саласы ретінде дамуы;

- ♦ мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың іске асырылуы мен бақылауды реттеп отыру;

♦ агроөнеркәсіп кешенінің басымды дамуы мен агроөнеркәсіп кешенінің басымды дамуы аграрлық саланың экономикалық маңызды саласы ретінде елді азық-түлікпен қамтамасыз ету. Себебі мұнда мемлекет пен адамдардың мүдделері тоғысқанын көреміз;

♦ аграрлық саладағы табыстарға деген баға теңгерімін экономиканың басқа салалармен қатынасын белгілеу және қолдау. Бұл барлық салаларда да қолданылуы қажет;

♦ экономикалық әдістермен мемлекеттік реттеу жүзеге асыру;

♦ ауыл шаруашылығы кәсіпорындардың қызметіне басқа да салалық құрылымдардың келтірілуіне жол бермеу;

♦ аграрлық кәсіпорындардың шаруашылық қызметін жүзеге асыруда дербестілігінің сақталуы және кепілдік берілуі [7].

Осы аталған экономикалық мемлекеттік реттеу арқылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметінің дербестігіне кепілдік бере отырып, меншіктік басқару еркіндігін нығайтуға, жаңа өндірістік базаны құру мүмкіндіктері молаяды. Ауыл шаруашылығын экономикалық әдістермен мемлекеттік реттеуді негізгі қызметтік өндіріс тиімділігінің неғұрлым жоғары деңгейде қолда бар ресурстармен, толықтай пайдалануға мүмкіндік беретіндей өндірушілердің экономикалық мүдделермен ықпал етуді қамтамасыз ететін халыққа қажетті өнім өндіру.

Аграрлық саланы мемлекеттік қолдау экономикалық және саяси факторлармен яғни, жерді негізгі өндіріс құралы ретінде пайдалану, ауыл шаруашылық өндірісінің нысандарының болуы, топырақ құнарлығының және табиғи-климаттық жағдайлардың әр түрлілігі ерекшеліктерімен сипатталады.

Аграрлық салаға мемлекет тарапынан қолдау көрсету келесідей болғаны дұрыс.

1. Тұрақты экономикалық жағдайды қамтамасыз етуде ауыл шаруашылығында тауар өндірушілер өз тараптарынан қаржыландыруды жүзеге асыру арқылы жұмыс жасау қажет, ал мемлекет қолдау көрсету іс-шараларын жүргізуде толықтыру рөлін атқаруы тиіс.

2. Тауар өндірушілердің тиімді шаруашылық жүргізуіне бағдарланған жеңілдіктер, субсидия, дотация және басқа да реттеуіш тетіктері мен құралдары қажет. Оларды қатаң дифференциалдық түрде қолдану қажет. Мемлекеттік қолдау көрсетулер заңнамалық құқықтық актілермен негізделіп, әкімшіл әдіс негізінде жүзеге асырылатын болады.

Аграрлық салаға тікелей қаржылық қолдау көрсету өндірістің әлеуетін сақтау, қолдау, жаңарту және жаңғырту бойынша әр түрлі формада болуы мүмкін:

♦ ертерек қабылданған және қолданыстағы мақсатты мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

♦ инфрақұрылымдарды дамыту, аукциондарды өткізу және көтерме нарықтар құру арқылы көмектесу;

♦ мақсатты лизингтік техникаларды жасақтау;

♦ аз қамтылған мал шаруашылығы өнімдеріне бөлінетін дотацияларды өндірістік және мамандандыру шаруашылық аймақтар жағдайында сақтау;

♦ шаруашылық объектілердің тиімді қуаттылығын қалыптастыруда бағдарламалармен жеңілдетілген несиелермен қамтамасыз ету;

♦ ірі өндірістік шаруашылықтардың потенциалын қолдау және жеке шаруашылық меншіктегі жерлерге кепілдік шараларын дамыту;

♦ қайта өңдеуші кәсіпорындарда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде салық жеңілдіктерін қарастыру;

♦ сақтандыру қызметтерін толыққанды көрсету;

♦ экспорт тауарларын субсидиялау арқылы импорттық азық-түлік өнімдеріне кедендік салымдарды арттыру.

Аграрлық саладағы мемлекеттік реттеу органдардың күзіреттілігі мен құрылымын жетілдіретін болса, экономиканың осы саласындағы мемлекет тарапынан реттеудің тиімділігі артатыны сөзсіз. Осы саланы мемлекет тарапынан қолдау үшін мынадай бағыттарды ұсынса болады:

♦ жаңадан жұмысын бастаған шаруашылықтарға қаржылық қолдау;

♦ аймақтарға аграрлық саланы көтеруге бағытталған субвенция бөлуді қарастыру;

♦ табиғаты қолайсыз аймақтарға шаруашылықты дамыту үшін қаржылық көмек көрсету;

♦ салық салудың жеңілдетілген арнайы тәртібін қарастыру [7].

Қазіргі таңда ДСҰ шеңберінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тікелей шараларынан бас тарту үрдістері үстемдік алуда. ДСҰ-да және әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарында ауыл шаруашылығындағы тікелей субсидиялар деңгейі барынша төмен және саланы бәсекеге қабілеттілік пен өндіріс тиімділігін өсіру есебінен дамытып отырған Кернс тобының елдері үлкен мәнге ие болып отыр. Ауыл шаруашылығын тікелей қолдауды пайдаланбайтын Кернс тобы елдерінің тәжірибесі субсидияларды алып тастағаннан кейінгі кезеңде өндіріс факторларының жиынтық өнімділігінің барынша жоғары өсімін көрсетуде.

Қазақстан өз кезегінде АӨК бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, өндіріс шығындарын төмендетуді, дақылдардың түсімділігі мен өнімділігін ұлғайтуды, ғылым мен білімнің өзара интеграциялануын, ғылыми зерттеулерді әзірлеп оларды енгізуді, шетелдік технологиялар трансферттердің тиімділігін арттыруды, елдің аграрлық салаға сұранысқа ие кадрларын даярлауды және қайта даярлауды, агроөнеркәсіптік кешенінің инновациялық дамуын жеделдету үшін шетелдік мамандар мен ғалымдарды тартуды қамтамасыз етуі қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенде ғылыми және кадрлық қамтамасыз етудің интеграциялануы:

- ♦ ҒЗИ-дің, университеттердің, тәжірибелік-өндірістік шаруашылықтардың қаржылық, кадрлық, мүліктік және де зияткерлік әлеуеттерін білім берудің ғылыми қызметін жүзеге асыру үшін және консалтингтік қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тиімді пайдалануға;

- ♦ ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізуді жылдамдатуға;

- ♦ ҒЗИ-дің, ЖОО мен тәжірибелік-өндірістік шаруашылық жерлер, ғимараттар, құрылыстар және тағы да басқа сол сияқты инфрақұрылымдық активтерді пайдаланудың тиімділігін арттыруға;

- ♦ ЖОО мен ЖОО-ға дейінгі білім беру мекемелерінде кадрлар даярлауды, біліктілікті арттыру мен қайта даярлаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруға;

- ♦ ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру мәселелерін шешуді;

- ♦ ҒЗИ үшін ғылыми кадр даярлауды сала бойынша қамтамасыз етуді;

- ♦ тәжірибелік-өндірістік шаруашылықтардың мүмкіндіктерін ғылыми дайындалған жұмыстарды енгізуге, білім алушылардың өндірістік практикалардан өтуіне, шетелдік технологияларды дайындықтан өткізуге және оны бейімдеуге, білім беру орталықтарына жұмыс жасауға арналған база ретінде ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді [2].

Басқарушы персоналдың біліктілік деңгейін сапалы түрде арттыру үшін ғылыми ұйымдардың саны ірілендіру есебінен оңтайландырылуда. Кейбір бейінді ұйымдарды қосу жолымен оңтайландыру жобасында «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ-ның еншілес компанияларының санын қысқарту көзделген. Сондай-ақ, ғылыми-өндірістік және ауыл шаруашылық тәжірибелік станцияларында кейбір ҒЗИ-ді трансформациялау жоспарлануда. Оларды оңтайландыру:

- ♦ бизнес-құрылымдардың тапсырыстарына бағдарлануды қамтамасыз етуге;

- ♦ ғылым мен білімнің, өндірістің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

- ♦ басқару мен әдістемелік басшылықтың нақты вертикалін қамтамасыз етуге;

- ♦ активтер мен зертханалық жабдықтарды пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуге;

- ♦ ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға;

- ♦ технологиялар трансферттерін және оларды бейімдеуді қамтамасыз етуге;

- ♦ ҚР агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиімділігін және еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 10 қаңтар 2018 жыл. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: URL: <http://www.akorda.kz> (қарағалған күні: 04.02.2019).

2 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысы. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: URL: <http://www.adilet.zan.kz> (қарағалған күні: 04.02.2019).

3 Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: учебник. – М.: Экономистъ, 2006. – 246 с.

4 Шарбиев Н.К., Литус Я.В., Доскожин Д.Р., Казыбаева М.Н. Проблемы конкурентоспособности отечественной продукции на продовольственном рынке // Проблемы исследования развития индустриально-инновационного процесса: материалы республиканской научно-практической конференции. – Жетysай, 2010. – 9–10 декабрь. – С. 392–394.

5 Аубакиров Я.А. Конкуренция – движущая сила рыночных отношений // Вестник КазНУ. – 2007. – № 1. – С. 3–7.

6 Казыбаева М.Н. Экономиканың ғаламдану жағдайында Қазақстанның азық-түлік тауарларының сапасы // Ізденістер, нәтижелер. – 2011. – № 1(049). – С. 190–195.

7 Шеденов Ө.Қ., Дюсеханова Н.М. Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы мемлекет саясатының рөлі және оны іске асыру әдістері // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2010. – № 1(77). – 75–80 б.

Аннотация

В статье рассматривается сельское хозяйство, являющееся одной из ключевых отраслей экономики Казахстана, уровень развития которого во многом определяет экономическую безопасность страны. Аграрная отрасль Казахстана располагает огромным потенциалом и большими резервами, что делает ее перспективной и конкурентоспособной на мировом рынке. Для повышения эффективности системы государственного регулирования аграрной отрасли необходимо постоянное совершенствование компетенций и структуры государственных регулирующих органов в данной сфере экономики страны. Предлагаются следующие направления по осуществлению государственной поддержки аграрной отрасли: оказание финансовой поддержки крестьянским-фермерам, особенно начинающим фермерам; оказание финансовой поддержки для развития аграрной отрасли в районах с неблагоприятными природно-климатическими условиями; рассмотрение правовых основ выделения субвенций областям для подъема аграрной отрасли; определение специального режима льготного налогообложения в аграрной сфере. Также принята во внимание необходимость обеспечения ускоренного инновационного развития агропромышленного комплекса Казахстана на основе повышения его конкурентоспособности, снижения производственных расходов, тесной интеграции образования, науки и производства для увеличения урожайности и продуктивности культур, эффективного трансфера зарубежных технологий, подготовки и внедрения отечественных научных исследований, подготовки и переподготовки кадров, востребованных на аграрном рынке страны, привлечения зарубежных специалистов и ученых.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельское хозяйство, конкурентоспособность, государственная поддержка, государственное регулирование, аграрный рынок, инновации, продуктивность.

Abstract

The article deals with agriculture as one of the main sectors and the importance of the country's economic development. The level of development of agriculture largely determines the economic security of the country. The agricultural sector of Kazakhstan has huge potential and large reserves, which makes it promising and competitive in the global market. To improve the efficiency of the system of state regulation of the agricultural sector, it is necessary to constantly improve the competence and structure of state regulatory bodies in this sphere of the country's economy. The following areas of state support for the agricultural sector are provided: providing financial support to peasant farmers, especially novice farmers; providing financial support for the development of the agricultural sector in areas with adverse climatic conditions; consideration of the legal basis for the allocation of subventions to the regions for the rise of the agricultural sector. The need to ensure the accelerated innovative development of the agro-industrial complex of Kazakhstan on the basis of increasing the competitiveness of the agro-industrial complex of Kazakhstan is also taken into account, reducing production costs, close integration of production, education and science to increase crop yields and productivity, development and implementation of domestic research, transfer of effective foreign technologies, training and retraining of personnel in demand in the agricultural market of the country, attracting foreign specialists and scientists.

Key words: agro-industrial complex, agriculture, competitiveness, state support, government regulation, agricultural market, innovation, productivity.